

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Биология
Мұғалім	Қалдарбекова Ақмарал
Мектеп, сынып	Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, №51 орта мектеп, 8-сынып
Сабақ тақырыбы	Қанайналымның үлкен және кіші шеңберлері






www.bilimland.kz

Мақсаты	Қанайналым шеңберлерін және қан қысымы мен тамырдың соғуын өлшеуді білу, қанның қантамырлар бойымен қозғалуын түсіну, үлкен және кіші қанайналымды өзара салыстырып талдау.
Оқыту нәтижесі	Қанайналым шеңберлерін және қан қысымы мен тамырдың соғуын өлшеуді біледі, қанның қантамырлар бойымен қозғалуын түсінеді, үлкен және кіші қанайналымды өзара салыстырып талдайды
Ресурстар	Оқулық, электронды оқулық, плакат, жүрек макеті, тонометр, тест, секундомері бар сағат. bilimland.kz ресурстар қоры, видеосабақтары, itest.kz.  
Қолданылған модульдер	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, СТО, Оқыту үшін және оқуды бағалау. Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту, АКТ.
Сабақтың жоспары	Ұйымдастыру: сәлемдесу. «Жүректен жүрекке» жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. <i>Іздегенде табылатын қасымнан.</i> <i>Көңілі бар қызғалдақтай ашылған</i> <i>Көріспесек сағыныштан жүдейтін</i> <i>Кім бар жақын бала күнгі досымнан?</i> Бағалау парақшаларын таратып беру. Сабақ барысы: Блум таксономиясы бойынша. Кері байланыс «Білім қоржыны».
Үйге тапсырма	§36. Оқу және «жүрек ауруларының алдын алу» туралы қосымша мәліметтер дайындау.

Сабақтың барысы

Ойлауды Блум бойынша жіктеу	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
------------------------------------	------------------------------	----------------------------

<p>Білу</p>	<p>Ой шақыру. Жұмбақтар жасыру</p> <p>1. Жанды мотор сынбайды, Күні-түні тынбайды. Кейде оның жүрісін, Дәрігерлер тыңдайды.</p> <p>2. Тарам-тарам бір ғалам, Айқыш-ұйқыш шырғалаң. Толған ағыс тоқтаса, Жоғалады бірге адам.</p> <p>http://itest.kz/exam_test?test_id=522879891</p> <p>Тест тапсырмалар беру.</p> 	<p>Жұмбақтарды шешеді, үйге берілген тапсырманы естеріне түсіреді.</p> <p>Ittest.kz ресурсындағы тест тапсырмаларын орындайды.</p>
<p>Түсіну</p>	<p>1. Сұрақтар қою. Жүрек пен қантамырлар – <i>қанайналым</i> мүшелері</p> <p>Организмде қанның үздіксіз қантамырлар бойымен ағуы <i>қанайналым</i> деп аталады.</p> <p>http://bilimland.kz/kk/home#lesson=12731</p> 	<p>Омыртқалы жануарлардың үлкен және кіші қанайналымын, жүректің құрылысын естеріне түсіре отырып, сұрақтарға жауап береді, жаңа тақырып туралы мәлімет тыңдайды, түсінеді.</p>



Видео тыңдату.

2. Жүрек макетімен жұмыс.

Жүректің оң және сол жақ бөлігінде қандай айырмашылық бар?

Неге сол жақ бөлігі қалың?

Ақ – бұл қанның артериялар қабырғасына түсірген күші.

Қолдану

Оқулықпен жұмыс. (3 мин)

I топ – Үлкен қанайналым

II топ – Кіші қанайналым

III топ – Қан қысымы

Топтық жұмыс. Постер жасау, қорғау

I топ. Үлкен қанайналым шеңбері деп неліктен атайды, оның маңызы қандай?

II топ. Үлкен қанайналым шеңбері деп неліктен атайды, оның маңызы қандай?

III топ. Қан қысымын қалай өлшейді?

Өз беттерінше берілген тапсырманы оқиды, топта бір-бірімен өзара пікір алмасады, постер жасайды, қорғайды.


Талдау

№12 зертханалық жұмыс.

Тамырдың соғуын кәрі жілік артериясынан өлшеу.

Мақсаты: тамырдың соғуын есептеуді үйрену, жүректің әртүрлі жағдайдағы жұмысының

Өз беттерінше зертханалық жұмыс жасап, сұраққа жауап береді.

	<p>ерекшеліктері туралы қорытынды жасау.</p>	
<p>Жинақтау</p>	<p>http://bilimland.kz/kk/content/structure/1669-biologiya_kk#lesson=12731</p> 	<p>Өз беттерінше тақырыптық тест, жаттығулар орындайды.</p>
<p>Бағалау</p>	<p>Неліктен адамның қан қысымы өзгереді?</p>	<p>Өз ойларын білдіріп, ойланып шешім қабылдайды.</p>